



Қаражар жалпы білім беретін  
бастауыш мектебі

*Қазақ тілі*

*Дара және күрделі сан  
есім*



**4 «а» сынып**

# **Психологиялық дайындық**

*Армысыңдар ұландар,  
Бармысыңдар қырандар.  
Қазір байқап көрейік,  
Кімде қандай дарын бар?  
Сынға түсіп балалар,  
Бағаларыңды алыңдар.*



# ЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ «Ойлан, тап» ойыны

$9+6=$  (e)

$24+20=$  (i)

$27:3=$  (н)

$18:9=$  (с)

$13+26=$  (а)

$420:6=$  (м)

**Жауаптарын әріптермен  
алмастыр**

**2; 39; 9; 15; 2; 44; 70;**



# Топтастыру

Заттың  
саны

Неше?  
нешінші?  
қанша?

Сан  
есім

Дара,  
күрделі

Есептік,  
реттік

***Үй тапсырмасын тексеру.***

***5-жаттығу.***

**Бір шымшым тұз, бір  
жайым қамыр, бір шөкім  
бұлт, бір салым шай, бір  
асым ет, бір жұтым айран,  
бір ұрттам су, бір ауыз  
өлең**

**Сабақтың мақсаты:** сан есімнің дара және күрделі түрлерімен таныстыру; күрделі сан есімнің емлесін меңгерту;

**Міндеттері:**

- ❖ сан есімнің дара және күрделі түрлерін ажырата білу; сөйлем ішінен сан есімдерді тауып, дұрыс сұрақ қоя білу;
- ❖ оқушылардың тіл байлықтарын дамыту;
- ❖ тазалыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу;

**II Мағынаны тану**  
**Екі бағандағы сөздерді**  
**салыстырыңдар.**

**Айырмашылықтарын табыңдар.**

**Бес, жүз,  
тоқсан,  
тоғыз,  
алтыншы,  
миллион,  
жетеу**

**Бір мың тоғыз  
жүз, он  
алтыншы, он  
бес, екі мың**



# Сан есім

**дара сан есім  
есім**

**екі, жүз, мың,  
бес**

**миллион**

**күрделі сан**

**отыз сегіз,**

**жүз елу бес**



# Сан есім **дара және күрделі** болады.

**Дара сан есімге** бір сөзден жасалған сөздер жатады. Мысалы: **бір, екі, үш, мың, миллион.**

**Күрделі сан есім** екі немесе одан да көп сөздің тіркесінен жасалады.

Күрделі сан есімдердің құрамындағы сөздер бөлек-бөлек жазылады. Мысалы: **отыз сегіз, бес жүз елу бес.**

# *Көркем жазуу*

*Уу Уу*

*Уылдырық*

*дауыл*

*суырма*

*көсеу*



# Шығармашылық тапсырма

## 1-жаттығу.

Сөйлемдерді оқы. Сан есімдерді теріп жазып, олардың неше сөзден құралғанына көңіл бөл.

## 3-жаттығу.

Сөйлемдерді оқы. Дара, күрделі сан есімдерді теріп жаз.



**«Ойнайық та, ойлайық!»**

**Шығармашылық  
тапсырмалар**

**I. “Кім жылдам?”**

**II. “Мақал сөздің мәйегі”**

**III. “Көңілді шумақтар”**

**IV. “Ерекше сандар”**

**V. «Ия, жоқ»**



# “КІМ ЖЫЛДАМ?”



*Берілген сан есімдерді дара және күрделі түрлеріне топтап, сөзбен жаз.*

**9, 588, 45, 797, 100, 25, 10, 888, 60**



## *Сергіту сәті*

***Біз қандаймыз,  
қандаймыз?***

***Шұғылалы таңдаймыз,  
Күлімдеген күндейміз  
Еш уайымды біл***



# «Мақал - сөздің мәйегі»

□ Еңб2, адамның 2-нші анасы.

□ Ерінш2, тің ертеңі 1, тп, 5.

□ 4еу түгел болса, төбедегі  
келер,

6ау ала болса, ауызда  
кетер.



# “Көңілді шумақтар”



*Же1 екен 1қазан:  
Кей1 жемді 1қазан  
1-ақ сәтте қойды жеп.  
Кү1 етті,  
«Тойдым»,-деп...  
Естіп 1 кез дү1ді,  
Жағадағы тү1ді  
Паналауға жүгірді.*



**«Ерекше сандар» ойыны**  
**Осы сандар қандай күнмен**  
**байланысты.**  
**Сөйлем құрастыр.**

8

22

9

# III Ой толғаныс

## «Ия, жоқ» ойыны

1. Сан есім заттың санын білдіреді. • Ия, жоқ
2. «30» дара сан есім. • Ия, жоқ
3. «Төртінші» -есептік сан есім. • Ия, жоқ
4. Күрделі сан есім бір сөзден тұрады. • Ия, жоқ
5. Күрделі сан есімнің құрамындағы сөздер бөлек жазылады. • Ия, жоқ
6. Дара сан есім бір сөзден құралады. • Ия, жоқ
7. «264» -күрделі сан есім. • Ия, жоқ
8. «600»-дара сан есім. • Ия, жоқ
9. Реттік сан есім -ншы, -нші, -ыншы, -інші жұрнақтары жалғану арқылы жасалады • Ия, жоқ
10. «Бесінші» -реттік сан есім

# “ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!”



*1-4 – «2»*

*5-6 – «3»*

*7-8 – «4»*

*9-10 – «5»*

# Қорытындылау.

Бүгін не үйрендім?





Маған не ұнады?



Маған не ұнамады?





*Ана тілің- арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте.*

*Қадыр Мырза Әлі*

